

Көкшетау қаласының
білім бөлімінің Сәкен Жүнісов атындағы
№ 18 мектеп-лицейі
коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
020000, Көкшетау, Саин көшесі, 24 а
Тел., факс 8(7162)770889

Коммунальное
Государственное учреждение
школа-лицей № 18 имени
Сакена Жунусова
отдела образования
г. Кокшетау
020000, Кокшетау, ул. Саина, 24 а
Тел., факс 8(7162)770889

БҰЙРЫҚ
« 15 » 01 2023ж.
Көкшетау қ.

ПРИКАЗ
№ 19
г. Кокшетау

Өзін-өзі бағалау туралы

"Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің ММ-нің 2023 жылғы 23 қаңтардағы № 04-147 хаты және «ҚР Оқу-ағарту Министірлігі білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті» РММ-нің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 19-29 маусым аралығында қызметтің негізгі бағыттары бойынша мектептің өзін-өзі бағалауы жүргізілсін.

2. Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі құрамында комиссия құрылсын;

Б.В.Сарсембаева – комиссия төрайымы, мектеп директоры;
Л.Д. Кабенова – комиссия төрайымының орынбасары, ОТЖ жөніндегі орынбасары;

Б.Д. Сатпаева – комиссия төрайымының орынбасары, ОТЖ жөніндегі орынбасары;

У.Е. Кенжетаева – комиссия төрайымының орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

А.Н. Бейсеков – директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары;

Д.Т. Куликов – ғылыми – әдістемелік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары;

Ғ.Ш. Абуталипова – бас есепші;

А.Ж. Ахметова – кітапхана меңгерушісі;

Қ.Ж. Зейнуллина – іс жүргізуші;

Б.Ш. Камашева – комиссия мүшесі, гуманитарлық цикл ӘБ-нің жетекшісі;

А.Г. Бопакова - комиссия мүшесі, гуманитарлық цикл ӘБ-нің жетекшісі;

Ж.К. Нурумова - комиссия мүшесі, жаратылыстану-математикалық цикл ӘБ-нің жетекшісі;

Г.А. Жанбосынова – комиссия мүшесі, бастауыш сынып ӘБ-нің жетекшісі;

Ж.Б. Шегирова – педагог – психолог;

3. Өзін-өзі бағалау барысында мектептегі педагогикалық үлерістің сапасы мен тиімділігін сараптамалық бағалау нәтижелері өзін-өзі бағалау

материалдарында көрсетілсін және 2023 жылғы 30 маусымға дейін Акмола облысының білім саласындағы бақылау Департаментіне ұсынылсын.

4. Бұйрықтың орындалуына жауапкершілік комиссия төрайымының орынбасарлары Л.Д. Кабеноваға, Б.Д. Сатпаеваға, У.Е. Кенжетаеваға, А.Н. Бейсековке жүктелсін.

5. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

Б.В. Сарсембаева

Бұйрықпен таныстым:

Л.Д. Кабенова

Б.Д. Сатпаева

У.Е. Кенжетаева

А.Н. Бейсеков

Д.Т. Куликов

Б.Ш. Камашева

А.Г. Бопаква

Ж.К. Нурумова

Г.А. Жанбосынова

Ж.Б. Шегирова

Г.Ш. Абуталипова

Қ.Ж. Зейнуллина

А.Ж. Ахметова



ПРИЛОЖЕНИЕ К ГОСУДАРСТВЕННОЙ ЛИЦЕНЗИИ

Номер лицензии 16013393

Дата выдачи лицензии 24.08.2016 год

Подвид(ы) лицензируемого вида деятельности:

- Амбулаторно-поликлиническая помощь детскому населению по специальностям
- первичная медико-санитарная помощь
- доврачебная

(наименование подвида лицензируемого вида деятельности в соответствии с Законом Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях»)

Лицензиат:

Государственное коммунальное казенное предприятие "Городская поликлиника" при управлении здравоохранения Акмолинской области
020000, Республика Казахстан, Акмолинская область, Кокшетау Г.А., п. Кокшетау, УЛИЦА АУЕЛЬБЕКОВА, дом № 94., БИН: 030640002677

(полное наименование, местонахождение, бизнес-идентификационный номер юридического лица (в том числе иностранного юридического лица), бизнес-идентификационный номер филиала или представительства иностранного юридического лица – в случае отсутствия бизнес-идентификационного номера у юридического лица/полностью фамилия, имя, отчество (в случае наличия), индивидуальный идентификационный номер физического лица)

Производственная база

РК, Акмолинская область, город Кокшетау, улица Ж.Сайина дом 24"А",
медицинский кабинет - КГУ "Средняя школа №18"

(местонахождение)

Особые условия
действия лицензии

(в соответствии со статьей 36 Закона Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях»)

Лицензиар


Управление здравоохранения Акмолинской области, Акимат
Акмолинской области.

(полное наименование органа, выдавшего приложение к лицензии)

Руководитель,
(уполномоченное лицо)

ИМАНКУЛОВА БИБИГУЛЬ СЕРИКОВНА

(фамилия, имя, отчество (в случае наличия))



**«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім
бөлімі Көкшетау қаласының
Сәкен Жүнісов атындағы № 18 мектеп- лицейі» КММ білім беру қызметін
өзін-өзі бағалау
АНЫҚТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» және «Білім ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу» әдістемелік ұсынымдары негізінде мектепте өзін-өзі бағалау өткізіліп, аналитикалық анықтама құрастырылды.

Мектептің білім беру қызметін өзін-өзі бағалау 2022 ж.17.06. №195 бұйрығымен бекітілген мектепшілік комиссиясы өткізді.

Комиссия құрамында:

Комиссия төрағасы: Сарсембаева Б.В. - мектеп директоры

Комиссия мүшелері: Куликов Д.Т.-ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары

Кабенова Л.Д.- оқу ісінің меңгерушісі

Бельгибаева Д.О.- оқу ісінің меңгерушісі

Сатпаева Б.Д.- оқу ісінің меңгерушісі

Кенжетаева Ұ.Е.- тәрбие ісінің меңгерушісі

Бейсеков А.Н.- әкімшілік-шаруашылық жөніндегі

директордың орынбасары

Абуталипова Ғ.Ш.- бас есепші

Ахметова А.Ж.- кітапхана меңгерушісі

Зейнуллина Қ.Ж.- іс жүргізуші

Камашева Б.Ш. - қазақ тілі мен әдебиеті ОБ жетекшісі

Бопакова А.Г.- орыс тілі мен әдебиеті ОБ жетекшісі

Нурумова Ж.К.- математика, физика, информатика ОБ жетекшісі

Жанбосынова Г.А. – бастауыш сынып ОБ жетекшісі

Шегирова Ж.Б.- педагог- психолог

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет.

2022-2023 оқу жылының Сәкен Жүнісов атындағы № 18 мектеп- лицейінің
төлқұжаты

Атауы	Сипаттамасы
Мектеп атауы	Ақмола облысы білім басқармасының, Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі, Көкшетау қаласының «Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп – лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Оқыту тілі	Қазақ
Типі	Мектеп-лицейі
Бейіні	жаратылыстану- математика қоғамдық- гуманитарлық
Базалық төлемақысы, айына	375,0
Салынған жылы	1987
Лицензия нөмері	28.08.2017жыл № KK55LAA00010075
Қосымша жабдыкталуы	Ғимарат саны - 2 (оқу ғимараты); Типтік ғимарат; Қабаттылық-3; Жалпы ауданы-10530,5 ш. м. Оқу кабинеттерінің саны – 68; Спорт залы-2; Жылыту жүйесі-орталықтандырылған, сумен жабдықтау, кәріз – орталықтандырылған; 5 компьютер кабинеті бар (280 компьютер), 8 интерактивті панель.-
Телефон	8 (7162) 77-08-89
Мектеп сайты, электрондық поштасы	http://sc0016.kokshetau.akmoedu.kz/ shkola18kaz@mail.ru
Мекен-жайы	Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ж.Саин көшесі, 24 А

I.Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі. *(бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);*

Мектепті басқару стратегиялық және ағымды жоспарлау арқылы жүзеге асады. Жыл сайын педагогикалық ұжымның қызметі, барлық бағыттағы оқу-тәрбие процесі толық талданады. Жүзеге асқан міндеттер талданып, келесі оқу жылына мақсат пен міндеттер белгіленеді.

Мектепте барлық бағыттағы оқу-тәрбие жұмысының жалпы жоспары құрастырылады және құрылымдық бөлімшелердің жеке жоспарлары бар. Оқу-тәрбие жұмыс жоспары тараулар бойынша құрылған:

1 тарау- мектеп туралы анықтама, өткен оқу жылының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының сараптамасы көрсетілген.

2 тарау- оқу-тәрбие жоспары, мектепішілік бақылау жоспары.

3 тарау- қосымшалар (педагогикалық кеңес жоспары, директор жанындағы отырыс жоспары, әдістемелік кеңес жоспары, «Шапағат жолы» қамқоршылық кеңес жоспары, педагог қызметкерлерді аттестаттаудың жұмыс жоспары).

II. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. *(бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі)*

Мектептің жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен 1-4 сыныптыры (11 қосымша), 1-4 арнайы сыныптары (4 қосымша), үйде оқыту – 2, 4 сыныптар (4 қосымша), 5-9 сыныптары (16 қосымша), 5-9 лицей сыныптары (19 қосымша), 5-9 арнайы сыныптары (9 қосымша), үйде оқыту 8 сынып және 11 сынып (59 қосымша), 10-11 сыныптары (21, 22, 27 қосымша) негізінде құрылған.

2022-2023 оқу жылының 1 және 2 ауысым сабақтарының кестесін мектеп директоры бекітті.

Сабақ кестесі «Білім беру объектілеріне қойлатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығындағы санитарлық ережелерінің талаптарына сәйкес, оқушылардың ақыл-ойының жұмысқа қабілеттілік динамикасы ескеріле отыра, құрылған. Санитарлық ереженің 73 пунктіне сәйкес, қиындық бойынша пәндердің ранжирлау кестесі дұрыс пайдаланылады.

Санитарлық ереженің 74 пункті орындалады: мектеп-лицейінің сабақ кестесі факультативті сабақтардан бөлек құрылады. Үйірме сабақтары қосымша кестеге сәйкес сабақтан тыс уақытта жүргізіледі және үйірме жұмысы есеп журналында белгіленеді.

Қоңырау кестесі санитарлық ереженің 75 пунктіне сәйкес құрылған.

III. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары және инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Барлық оқу пәндері бойынша бағдарламалардың инвариативті бөлімі орындалады. Жазбаша, практикалық және лабораторлық жұмыстар күнтізбелік жоспарға сәйкес өткізіледі. 01.09.2022 ж.-31.05.2023 ж. аралығында «Күнделік kz» электронды журналынан мәлімет алынды. Нәтижесінде, тақырыптың толтырылуы – 99,79%, журналдың жүргізілуі -99,67%, бағалар қойылған журналдар саны - 100%, үй тапсырмасының уақытылы толтырылуы – 95,54% көрсетті. «Күнделік kz» электронды журналы уақытылы жүргізілетіндігі анықталды.

ІҮ. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру. *(бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)*

Тәрбие үрдісі Қазақстан Республикасы Білім беру ұйымдарында реттейтін төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарды негізге ала отырып ұйымдастырылды.

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында білім беруді Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жоспарланып, 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылды, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

Ү. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру. *(бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі)*

Тәрбие жұмысының мақсаты: оқушы тұлғасының – патриоттық, білімді, денсаулығы мықты, жауапты және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты жұмыс істейтін, Қазақстан халқының жалпыадамзаттық құндылықтары мен мәдениетін, «Мәңгілік ел» Патриоттық актісі идеясын сіңірген, толерантты, әлемге танымал және құрметті тұлға ретінде дамуы, өзін-өзі дамытуы және өзін-өзі көрсетуі үшін оңтайлы жағдайлар жасау. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың

жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

- 1) жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті патриот пен азаматты қалыптастыруға; жеке тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, олардың балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайындығына жәрдемдесуге, мектепте бірлесіп басқару қызметін, көшбасшылықты, «Шаңырақ» және «Жас Ұлан» ББЖҰ-ның қызметін дамытуға бағытталған.
- 2) тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаттарын, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етуге міндетті.
- 3) тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтарына қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың ана тілі мен мәдениетін құрметтеуге бағдарлануына ықпал ету.
- 4) ата-аналарды ағартуға, баланың жеке басын қалыптастыруда олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыруға, олардың бала тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттыруға ықпал етуге міндетті.
- 5) жеке тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауын және кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасын қалыптастыру, жергілікті қоғамдастықтың проблемаларын шешуге қатысу арқылы экологиялық мәдениетті дамыту.
- 6) әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістікті қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
- 7) Білім беру ұйымдарында көпмәдени орта құруға ықпал ету, мінез-құлықтың жалпы мәдени дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнердегі және шындықтағы эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту.
- 8) салауатты өмір салты дағдыларын тиімді қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

9) оқушыларды тәрбиелеу үшін оқушылардың, педагогикалық ұжымның, ата-аналардың және жергілікті қоғамдастық пен жұртшылықтың күш-жігерін біріктіруге құқығы бар.

10) оқушыларды қоғамға қызмет ету бағдарламаларына тарту.

2022-2023 оқу жылында тәрбие жоспары жүзеге асырылды. Сонымен қатар, жоспар бойынша жоғары деңгейгейде төмендегідей іс-шаралар атқарылды.

Мектебімізде оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін ояту, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, Қазақстанның келешегі екеніне көз жеткізу, Патриоттық сезімін ояту мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне «Айбары асқақ Ата Заң» мәнерлеп оқу челленджі ұйымдастырылды.

1-қыркүйек Балалар жылымен ерекшеленетін мектептің мерекесі – алғашқы қоңырау салтанаты аталып өтті. 2022-2023 оқу жылының басталуына арналған бірыңғай сынып сағатын өткізу Тұжырымдамасы негізінде 1 қыркүйек Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында салтанатты сап түзеу өткізілді. Салтанатты жиын және алғашқы сынып сағаты бұл мектебімізде жаңа оқу жылының ашылуына арналған әрі білім берудің адам өміріндегі маңызы мен рөлін айқындайтын іс-шаралар болып табылады. Мемлекеттік туды алып шығу және гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану тәртібіне сәйкес жүргізілді. Салтанатты іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру. Міндеттері: - қатысушыларды өткен оқу жылының жетістіктерінен хабардар ету; - білім алушылардың бойында оқуға құштарлық пен білім алуға деген ынталарын ояту.

Мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер арасындағы жол – көлік жарақаттанудың алдын алу бойынша, «Абайла, балақай!» акциясы аясында іс – шаралар өткізілді. 1 сынып оқушыларын жаяу жүргінші жолмен таныстыру, білімдерін пысықтау мақсатында барлық 1 сынып оқушыларына арналған «Жол ережесің білесің бе?» іс – шарасы өткізіліп, 4 сынып оқушыларына қызметкерлермен дәрістер мен практикалық сабақтар ұйымдастырылды. Республика күніне орай 1-сыныптар арасында "Шарықтасын Әнұран!" атты байқауы өтті. Мақсаты: оқушыларды өз Отанын сүйуге, туған халқының тілін, мәдениетін, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

2022 жылдың 22 қазан күні Республика күніне арналған мерекелік салтанатты жиын өткізілді. Іс - шара барысында Бірыңғай "Жас Қыран" балалар мен жасөспірімдер ұйымы" Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің қатарына мектебіміздің белсенді оқушылары қабылданды.

Мектебімізде Республика күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 3- сыныптар аралығында "Тәуелсіз-елім Қазақстан!" атты суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: өскелең ұрпақтың адамгершілік-патриоттық, азаматтық жауапкершілік сезімдерін ояту, жас ұрпақты отанын, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу, балаларды жалпыазаматтық құндылықтарға және мәдениетке тарту,

сондай-ақ талапты шәкірттердің суретшілік өнерін дамытуға және көпшілікке насихаттауға бағыттау.

Ел Президенті мемлекет - отбасыдан басталатынын және біздің қоғамда негізгі отбасылық құндылықтарды нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударып отырғандығын атап өтуіміз керек. Отбасы күні Мемлекет басшысының Жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісінде аталып өтіледі. Отбасыны спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында 8 сыныптар арасында «Отбасым менің тірегім» атты эстафеталық жарыс ұйымдастырылды.

Қазақстанда Аналар күнін қыркүйектің әр үшінші жексенбісінде атап өту дәстүрге айналған. Яғни 18 қыркүйек - Аналар күні. Мерекеге орай мектебімізде «Менің анам алтын» атты мәнерлеп оқу челленджі ұйымдастырылды. Челленджге оқушылар белсене қатысып, аналарын мерекемен құттықтады.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында ұйымдастырылған "Коворкинг" кітап оқу-ойын алаңы оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, зияткерлік демалыс орнына айналды. Оқушылар алаңда түрлі акциялар, шығармашылық кездесулер, шеберлік сағаттарын ұйымдастырып, шахмат, тоғызқұмалақ ойындарын ойнады.

13 қазан күні «Экология және еңбек» фракция оқушыларымен «Көміртекті ізімізді қалай азайтуға болады?» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шара барысында қатысушылар аталған тақырып бойынша пікірлерін еркін ортаға салып, ойларын тұжырымдады. Оқушылар арасында тұрақты дамудағы жеке адамның рөлі насихатталды.

14 қазан күні дебат қозғалысы мүшелерінің қатысуымен «Бұл партия мемлекеттің жасыл экономика көшкені дұрыс деп санайды» тақырыбында пікірталас өтті. Спикерлер тақырыпты жан-жақты талдап, құнды ойларымен бөлісті. Ең үздік спикерлер мектеп құрамасына шақырту алды.

Көкшетау МҰ ұйымдастыруымен Қазақтың ұлы ханы Абылай ханның туғанына 310 жыл, Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл, ақын Ақан Серінің 180 жылдығына арналған облыстық " Жас батыр - 2023" байқауы өтті. Байқауға мектебіміздің 5 " В" сынып оқушысы Мұратбек Дастан Қуандықұлы қатысып жүлделі 1 орынды иеленді.

Мектебімізде 4, 5, 6, 7 сыныптар аралығында «ӘНІМ СЕНСІҢ, ТУҒАН ЖЕР» атты патриоттық отбасылық ән байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты: дарынды оқушыларды қолдау, патриоттық сезімдерін оятып, жігерлендіру. Байқауға оқушылар және ата-аналар белсене қатысты. Патриоттық әндер шырқалып, әр отбасы өз өнерлерімен көрермендерді тәнті етті.

Ақмола облысы білім басқармасының "Ақмола дарыны" дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының ұйымдастыруымен " Мен - елімнің ертеңімін " атты облыстық форумы өтті. Форумға өзін - өзі басқару ұйымының президенті және мектеп ұланбасшысы қатысып сертификаттармен марапатталды.

Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиетін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында мектебімізде «Ұстаздар күніне» орай жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді. Атап айтар болсақ: «Түлектен әдемі тілек!» мектеп түлектерінің құттықтау акциясы, «Үлгі аларлық ұстазым» мәнерлеп оқу челленджі, 10 сынып

оқушыларының сүйікті ұстаздарымен «Ұстаз LIFE» ұстазбен сұқбат, 11-сынып оқушыларының құттықтауы және мерекелік ән-шашу бағдарламасымен жалғасты.

Спорт және СӨС фракциясының ұйымдастыруымен "Нашақорлыққа, алкоголизмге, темекі шегуге жол жоқ!" апталық жоспары негізінде 6- сынып оқушыларына бейнебаян көрсетілді. Мақсаты оқушының бойында салауатты өмір салтын берік қалыптастыру, жеке тұлғаның санасын дамыту, денсаулығын сақтау білуге үйрету, зиянды нәрселерден аулақ болуға тәрбиелеу, нашақорлықтың алдын алу болып табылады.

"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының қызметін насихаттау, көшбасшылық қасиеттері бар жасөспірімдерді анықтау мақсатында "Әулет" мектептен тыс жұмыс орталығының ұйымдастыруымен қалалық "Үздік Ұланбасы - 2023" байқауы ұйымдастырылды. Байқауға мектебіміздің ұланбасшысы Мәлік Нұрай қатысып жүлделі 3 орынды иеленді.

Өзін – өзі басқару парламент ұйымның мүшелері «Қар десанты» акциясына қатысып эстафетаны басқа сынып оқушыларына жолдады. Мектеп оқушылары белсене ат салысты.

Мектебімізде Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай «Қош келдің, Әз Наурыз!» мерекесі мектеп аланында аталып өтті.

"Экология және еңбек " фракциясының ұйымдастыруымен «Экология және біз» зияткерлік сайысы өтті. Сайысқа 7-8 сынып оқушыларынан тұратын командалар қатысты. Сайыс нәтижесінде «Географ» тобы І орын, «Білмеймін» тобы ІІ орын және «Қыран» тобы ІІІ орынға ие болды.

Мектебімізде өзін-өзі басқару парламент мүшелірінің ұйымдастыруымен 1 наурыз алғыс айту мерекесіне орай «Кімге алғыс айтар едіңіз?» челленджі, 8-наурыз мерекесіне орай «Ару қыздар» іс-шарасы, «Отан қорғаушылар» мерекесіне арналған шағын іс- шаралар ұйымдастырды.

ҮІ. білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі).

Мектептің 10-11 сыныптарының жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен және 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығымен 21, 22. 27 қосымшасына сәйкес бейінді оқыту іске асырылады:

10А, 11А сыныптары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жаңартылған мазмұнның типтік оқу жоспары төмендетілген оқу жүктемесі бойынша жүргізіледі. Тереңдетілген деңгей – дүниежүзі тарихы-география, стандартты деңгей – физика.

10Ә, 10Б, 11Ә сыныптары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жаңартылған мазмұнның типтік оқу жоспары төмендетілген оқу жүктемесі бойынша жүргізіледі. Тереңдетілген деңгей – физика-география, стандартты деңгей – дүниежүзі тарихы.

11Б сыныбы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жаңартылған мазмұнның типтік оқу жоспары төмендетілген оқу жүктемесі бойынша жүргізіледі. Тереңдетілген деңгей химия-биология, стандартты деңгей – дүние тарихы.

ҮІІ. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру *(бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі).*

2022-2023 оқу жылында жеке оқу жоспарлары және бағдарламалары арқылы оқытылатын 1 оқушы бар. Ақмола облысы білім басқармасының психологиялық-медициналық–педагогикалық консультациясының 2022ж. 26.04. №735 «Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе основного среднего образования изменения способов и критериев оценивания результатов обучения в соответствии с адаптированной программой». Специальная поддержка психологом, логопедом» қортындысына сәйкес 5 «Б» сынып оқушысы Абдрахманова Анисаға негізгі пәндер бейімделді.

Ақмола облысы білім басқармасының психологиялық-медициналық–педагогикалық консультациясының 2023ж.26.04. №777 «Без психологических расстройств. Обучение по общеобразовательной учебной программе» шешіміне сәйкес жалпы білім беретін бағдарламмаға ауыстырылды.

ҮІІІ. ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру *(бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі).*

Мектепте вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы сәйкес іске асырылады.

Осы өлшем бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған үлгілік оқу жоспары бойынша вариативтік компонент сағаттары бөлінген.

Таңдау бойынша курсынан 1а, г сыныптарында «Логикалық есептер» - 2 сағат, 1ә,б,в сыныптарында «Көркем жазу»- 3 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен 1 а,ә,б,в,г- сыныптарында «Қозғалмалы ұлттық ойындар»-5 сағат, 2 а сыныбында «Математика және логика»- 1 сағат, «Шахмат әліппесі»- 5 сағат, 2 а,ә,б,в,г,д сыныптарында дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Асық ойындары»- 6 сағат, 3 а сыныбында «Жаратылыстану жұмбақтары»- 1 сағат, 3ә,б,в,г «Жас шахматшы»-4 сағат, 3а,ә,б,в,г сыныптарында дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Ырғақты гимнастика»- 5 сағат, 4а,д сыныптарында «жаратылыстану жұмбақтары» - 2 сағат, 4ә,б,в,г «Шахмат әлемі»- 4 сағат, 4а,ә,б,в,г,д сыныптарында дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Әуен сазды ойындар»- 6 сағат жүргізіледі.

5 а,ә,б,в,г,д сыныптарында «Жахандық құзыреттілік»-3 сағат, 5 а,ә,б,в,г дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Спорттық ойындар»-5 сағат.

5 а сыныбында лицей компоненті есебінен -5 сағат.

6 а,ә,б,в,г,е сыныптарында «Жахандық құзыреттілік» -3 сағат, ба,ә,б,в,г дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Спорттық ойындар»-5 сағат.

6 а сыныбында лицей компоненті есебінен -5 сағат.

7 а,ә,б,в,г,д,е - сыныптарда «Жахандық құзыреттілік»-3,5 сағат,

7 а,ә,б,в,г,д дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Спорттық ойындар»-6 сағат,

7 а,в,д сыныптарында инварианттық компоненттен таңдау пәндері: алгебра (2 сағат), физика (2 сағат), география (2 сағат) - 18 сағат.

7 ә,б,г сыныптарында инварианттық компоненттен таңдау пәндері: химия (2 сағат), биология (2 сағат), география (2 сағат) - 18 сағат.

7 а сыныбында лицей компоненті есебінен -4 сағат.

8 а,ә,б,г,д,е- сыныптарында «Жахандық құзыреттілік»-3 сағат, 8 а,ә,б,г,д дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Спорттық ойындар»-5 сағат.

8 а,д сыныптарында инварианттық компоненттен таңдау пәндері: алгебра (2 сағат), физика (2 сағат), география (2 сағат) - 12 сағат.

8 ә,б,г сыныптарында инварианттық компоненттен таңдау пәндері: химия (2 сағат), биология (2 сағат), география (2 сағат) - 18 сағат.

8 а сыныбында лицей компоненті есебінен -5 сағат.

9 а,ә,б,в,г,д,е- сыныптарында «Жахандық құзыреттілік»- 7 сағат, 9 а,ә,б,в,д,е дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Спорттық ойындар»-6 сағат.

9 а,в,д сыныптарында инварианттық компоненттен таңдау пәндері: алгебра (2 сағат), физика (2 сағат), география (2 сағат) - 18 сағат.

9 ә,б,е сыныптарында инварианттық компоненттен таңдау пәндері: химия (2 сағат), биология (2 сағат), география (2 сағат) - 18 сағат.

9 а сыныбында лицей компоненті есебінен -5 сағат.

10 а сыныбында «Жахандық құзыреттілік» - 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Спорттық ойындар»-1 сағат, инварианттық компоненттен таңдау пәндері: Қазақстан тарихы (1 сағат), қазақ әдебиеті (2 сағат), АӘД (1 сағат) - 4 сағат.

10 ә сыныбында «Жахандық құзыреттілік» - 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Спорттық ойындар»-1 сағат, инварианттық компоненттен таңдау пәндері: алгебра (1 сағат), геометрия (1 сағат), Қазақстан тарихы (1 сағат) АӘД (1 сағат) - 4 сағат, элективті курстар есебінен «Python бағдарламалау тілінде графикалық суреттерді қарастыру» -1 сағат, лицей компоненті есебінен – 5 сағат.

10 б сыныбында «Жахандық құзыреттілік» - 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Спорттық ойындар»-1 сағат, инварианттық компоненттен таңдау пәндері: информатика (1 сағат), геометрия (1 сағат), Қазақстан тарихы (1 сағат) АӘД (1 сағат) - 4 сағат, элективті курстар есебінен «Химия және экология» -1 сағат.

11 а «Жахандық құзыреттілік» - 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Спорттық ойындар»-1 сағат, инварианттық компоненттен таңдау пәндері: Қазақстан тарихы (2 сағат), қазақ әдебиеті (2 сағат) - 4 сағат.

11 ә «Жахандық құзыреттілік» - 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Спорттық ойындар»-1 сағат, инварианттық компоненттен таңдау

пәндері: химия (2 сағат), биология (2 сағат) - 4 сағат, элективті курстар есебінен «Математикалық сауаттылық» -1 сағат.

11 б «Жахандық құзыреттілік» - 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Спорттық ойындар»-1 сағат, инварианттық компоненттен таңдау пәндері: география (2 сағат), биология (2 сағат) - 4 сағат, элективті курстар есебінен «Физика есептерін шығару» -1 сағат.

Олимпиадалар қорытындысы

5-6 сынып оқушыларына арналған «Дарын» республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі ұйымдастырылып, өткізілді, олимпиадаға 90 оқушы қатысты. Оның ішінен 1 орын алған 14 оқушы қалалық екінші кезеңге жолдама алды. 14 оқушының 3-і жүлделі орындарға ие болды. Бұл 21,4 пайызды құрайды. Олар 5 А сынып оқушысы Серікбай Нұрай қазақ тілі және әдебиеті пәнінен жүлделі орынға ие болғаны үшін ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды, жетекшісі: Роот К.Е., 5 А сынып оқушысы Сері Нұрайым Қазақстан тарихы пәнінен жүлделі орынға ие болғаны үшін ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды, жетекшісі: Абраева Л.Т., 5 Ә сынып оқушысы Жузжанова Дильназ орыс тілі және әдебиеті пәнінен жүлделі орынға ие болғаны үшін ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды, жетекшісі: Шаймерденова Р.К. Өкінішке орай республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне өте алмадық. 5-6 сынып арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының қалалық кезеңінің жеңімпаздары жеткен жетістіктері үшін пән мұғалімдері қалалық білім бөлімінің Алғыс хатымен марапатталды

2022-2023 оқу жылындағы 5-6 сынып арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының қалалық кезеңінің жеңімпаздары

№	Оқушының аты-жөні (толық)	Пәні	Сыныбы	Қалалық олимпиададан алған орны	Пән мұғалімнің аты-жөні	мектепшілік кезеңдегі алған орны
1	Сері Нұрайым Тынышбекқызы	Қазақстан тарихы	5А	3	Абраева Лиана Толтаевна 87775198596	1
2	Серікбай Нұрай Қанатқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті	5А	3	Роот Карина Евгеньевна 87712976480	1
3	Жузжанова Дильназ Дамировна	Орыс тілі мен әдебиеті	5Ә	3	Шаймерденова Рашип Касымқызы 87014664024	1

7-8 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінің жеңімпаздары 20 қатысып, олардың ішіне 4 жүлделі орын болды.

2022-2023 оқу жылындағы 7-8 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінің жеңімпаздары

№	Оқушының аты-жөні (толық)	Пәні	Сыныбы	Қалалық олимпиададан алған орны	Пән мұғалімінің аты-жөні	мектепшілік кезеңдегі алған орны
1	Брімжан Темірлан Айдынұлы	География	7	3	Каримжанов Мурат Аманжолович	1
2	Султанова Алуа Канатовна	Қазақстан тарихы	7	1	Абраева Лиана Толтаевна	1
3	Сағатай Ерасыл Асқарұлы	Химия	8	3	Матаева Анар Сайлыбаевна	1
4	Шәріп Айша Ерболатқызы	Орыс тілі мен әдебиеті	8	2	Сарбаева Айнаш Жасаскерқызы	1

Бұл қатысқан оқушылардың 20 % құрайды.

9-11 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша 30 оқушымыз қалалық олимпиадаға қатысып, оның ішінен 2 оқушымыз жүлделі орынға ие болды. Бұл 6,6 % құрайды.

2022-2023 оқу жылындағы 9-11 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінің жеңімпаздары

№	Оқушының аты-жөні (толық)	Пәні	Сыныбы	Қалалық олимпиададан алған орны	Пән мұғалімінің аты-жөні	мектепшілік кезеңдегі алған орны
1	Жағуппар Даниал Куанышбекұлы	Қазақ тілі мен әдебиеті	9	3	Камашева Баглан Шекешовна 87052307699	1
2	Рамазанова Диляра Жолдасбековна	Орыс тілі мен әдебиеті	11	2	Калиева Сауле Ануаровна 87778028085	1

Қалалық кезеңнен 2 орын 11 сынып оқушысы Рамазанова Диляра орыс тілі мен әдебиеті пәнінен олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысты. Өкінішке орай, орын болмады, сертификатқа ие болды. Келесі оқу жылында пән мұғалімдері оқушыларды пәндік олимпиадаларға сапалы дайындаулары қатаң бақылауға алынады.

Қалалық пән олимпиадалары

2020-2021 оқу жыл		2021-2022 оқу жыл		2022-2023 оқу жылы	
Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны	Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны	Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны
60	25	43	12	64	9
	42 %		28 %		14%

Облыстық пән олимпиадалары

2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы	
Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны	Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны	Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны
6	6	4	4	2	0
	1 орын -2 2 орын -3 3 орын-1		1 орын-1 3 орын-2 Грамота-1		-
	100 %		100 %		0%
1.Кайыржанов Әміржан (математика) 1 орын 2.Есенбекова Ажар (орыс тілі) 1 орын 3.Ильясова Камила (тарих) 2 орын 4.Ғалымжан Аружан (Қ.Бітібаева олимпиадасы) 2 орын 5.Төлеген Нұрсәуле (география) 2 орын 6.Ғалымжан Аружан (қазақ тілі) 3 орын		1.Қапар Ақназар (математика)- 3 орын 2.Ерғилаева Меруерт (Қазақстан тарихы)- 1 орын 3.Ермаған Шұғыла (қазақ тілі мен әдебиеті)- грамота 4.Рамазанова Диляра (орыс тілі мен әдебиеті) -3 орын		-	

Республикалық пән олимпиадалары

Оқу жылы	Қатысушы	пән	Қатысушының ТАӘ	нәтижесі
2020-2021	2	Математика Орыс тілі	Кайыржанов Әміржан Есенбекова Ажар	- -
2021-2022	1	Қазақстан тарихы	Ерғалиева Меруерт	-
2022-2023	0	0	0	-

2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының қалалық кезеңіне 6 оқушы қатысып, 5 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ:

3- сынып оқушысы Жаналы Айсұлтан I орын,

жетекшісі Халхабай Тэмдэг

4-сынып оқушысы Жаналы Айдос I орын,

жетекшісі Мукушева Райхан Наурызбайқызы

4- сынып оқушысы Жоламан Нұрислам III орын,

жетекшісі Мукушева Айгуль Рахимжановна

4- сынып оқушысы Малгаждаров Улан III орын,

жетекшісі Увалиева Магиша Кабыкеновна

4- сынып оқушысы Жанболатқызы Кәусар III орын,

жетекшісі Мукушева Айгуль Рахимжановна,

№	Қатысушының/лардың тегі, аты	Секциясы	Сыныбы	Тақырыбы	Орыны (Қала)	Жоба жетекшісінің тегі, аты, байланыс номері
1	Жаналы Айсұлтан	медицина, психология, экология	4	"Қазақ және шетел мультфильмдері: пайдасы мен зияны"	I орын	Халхабай Тэмдэг 87012865361
2	Жаналы Айдос Елдосұлы	қазақ тілі мен әдебиеті	5	"Қазақ халық ертегілерінің тәрбиелік мәні"	I орын	Мукушева Райхан Наурызбайқызы 87773131806
3	Жоламан Нұрислам Қанатұлы	биология	5	"Тіс ауруларының асқыну әсерінен ақыл тістің кеш жару жағдайлары"	III орын	Мукушева Айгуль Рахимжановна 87052690712
4	Малгаждаров Улан Талгатович	медицина, психология, экология	5	"Балмұздақ денсаулыққа пайдалы ма?"	III орын	Увалиева Магиша Кабыкеновна 87011362167
5	Жанболатқызы Кәусар	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	"Көкше өңірінің кемеңгері Жанайдар Баймырзақұлы Мусин"	III орын	Мукушева Айгуль Рахимжановна 87052690712

8-11 сынып оқушылары арасында Ғылыми жобалары конкурсының қалалық кезеңіне 6 оқушы қатысып, 2 жүлделі орындарға ие болды.

7-сынып оқушысы Сайдбатал Нұриман I орын,

жетекшісі Мукушева Арайлым Серикжанқызы

7-сынып оқушысы Буканов Темирлан II орын,

жетекшісі Каримжанов Мұрат Аманжолович

№ жоба	жобаның авторы (толық)	жобаның аты	Секция	Орыны	Сынып	Жетекшінің толық аты жөні, телефон номері
1	Сайдбатал Нұрیمان	Қазақ дәстүріндегі "табақ тарту" ұғымы	әдебиет	I орын	8	Мукушева Арайлым Серикжанқызы 87051153664
2	Буканов Темирлан Асланович	"Ақмола облысының жер ресурстарын пайдалану жағдайы"	өлкетану	II орын	8	Каримжанов Мурат Аманжолович 87718173745

2022-2023 оқу жылындағы «Шығармашылық конкурстар» нәтижесі

Қазақстан Республикасының халықаралық Тілдер күні мерекесіне орай ұйымдастырылған қалалық мектеп оқушылары арасында өткізілген «Тілім менің тірегім!» атты мәнерлеп оқу байқауында 5 «А» сынып оқушысы Серікбай Нұрай III дәрежелі дипломмен және 3 мың теңге көлемінде сертификатпен марапатталды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Роот К.Е.

Көкшетау қаласының жалпы орта білім беретін мектептерінің 11-сынып оқушылары арасында жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша XV Президенттік олимпиадасының қалалық кезеңінде мектебіміздің 11 сынып оқушылары Алтын белгі иегері Сағатай Айғаным физика пәні бойынша I дәрежелі, химия пәні бойынша I дәрежелі және математика пәні бойынша III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Үздік аттестат иегері Жамбет Аружан физика пәні бойынша II дәрежелі және математика пәні бойынша III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Жетекшілері: математика пәні мұғалімі Кушимбаева Г.В., химия пәні мұғалімі Бегалина Б.А., физика пәні мұғалімі Акмаганбетова Ғ.К. Олимпиаданың қорытындысы бойынша Сағатай Айғаным облыстық кезеңге жолдама алып, облыстық кезеңде қатысканы үшін сертификатқа ие болды.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай өткізілген «Ахмет тағылымы» атты қалалық мысалдар оқу байқауында 8 «А» сынып оқушысы Сеилбекова Наргиз III дәрежелі дипломмен және 3 мың теңге көлемінде сертификатпен марапатталды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сагындыкова З.Ж.

"Ақберен" республикалық конкурсының қалалық (іріктеу) кезеңінде 1."Ақындар мүшәйрасы" номинациясында 8 сынып оқушысы Шәріп Айша Ерболатқызы 2 орын, жетекшісі Сагындыкова Зауреш Жамбуловна. 2. "Ұлттық аспапта өнер көрсету" номинациясында 10 сынып оқушылары Сайранбаев Бахтияр Айдарбекович. Ермек Аяулым 2 орын, жетекшісі Камашева Баглан Шекешовна. 3. "Эссе жазу" номинациясында 11 сынып оқушысы Қадылұлы Жомарт 2 орын, жетекшісі Нурмуқанова Жумагуль Жабеновна. 4." Көркемсөз оқу" номинациясында 9 сынып оқушысы Кенжегарин Абильтмансур Алмазұлы 3 орын, жетекшісі Бришева Маржан Амангельдиновна.

Республикалық балалар оқулары байқауының қалалық кезеңінде мектебіміздің 9-сынып оқушысы Гусманов Айдын 3-орынға ие болды. Жетекшісі: Бришева М.А.

Кенесары Қасымұлының 220 жылдық мерейтойын атап өту қарсаңында "Хан ордасы Көкшетау қаһарманым Кенесары" атты жарыс сабағында мектебіміздің 10 сынып оқушылары Мәлік Жасұлан, Досмурзаева Карлығаш 1-орынға ие болды. Жетекшілері: Абраева Л.Т., Исмаилова Ж.С.

VSCHT Чехия университетінің ұйымдастыруымен жазғы конкурста қатысқаны үшін мектебіміздің 11 "Ә" сынып оқушысы Амантаев Мақсат жеңімпаз дипломымен марапатталды.

5-10 сынып оқушылар арасында «Тарихи шежірем. Менің тегімнің тарихы» атты байқауының қалалық кезеңінде мектебіміздің 8 «А» сынып оқушысы Шәріп Айша II дәрежелі дипломға ие болды. Жетекшісі: Абилкадыров Арман Баянұлы алғыс хатпен марапатталды.

Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «RoboStart 6 + 2022» фестивалінде «Өнертабыс зертханасы» байқауында 6 «А» сынып оқушысы Садуақас Адия I дәрежелі дипломға ие болды. Жетекшісі: информатик пән мұғалімі Кульмаганова К.Ж.

«Д. Қонаевтың Қазақстанның дамуына қосқан үлесі» тақырыбына жасалған облыстық буклет байқауына белсене қатысқандары үшін 11 сынып оқушылары Сағатай Айғаным және Жамбет Аружан сертификатпен марапатталды. Жетекшісі Нурмуканова Ж.Ж.

«Ақмола жұлдыздары» облыстық көркемөнерпаздар байқауына белсене қатысып, халық шығармашылығын дамытуға қосқан үлесі үшін Қайсарұлы Ерасыл және Оралов Темирлан дипломмен марапатталды.

"Мен-экоблогермін" облыстық байқауына қатысып, 8 "Ә" сынып оқушысы Мәлік Нұрай III орынға ие болды. Жетекшісі Каримжанов М.А. Математика, физика, информатика мұғалімдерінің X облыстық шығармашылық конкурсының қалалық кезеңіне математика пәнінен Рамазанова Бахытжамал Галиевна, физика пәнінен Ақмағамбетова Галия Қажимукановна, информатика пәнінен Мағубаева Аймира Ермековна белсене қатысқандары үшін сертификатпен марапатталды.

2022 жылғы 01 желтоқсанда химия, биология пәндері мұғалімдерінің шығармашылық конкурсында химия пәнінен Бегалина Бакыт Акаевна II дәрежелі дипломмен, биология пәні мұғалімі Омиртай Нургуль III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Республикалық Әбіш оқулары байқауының қалалық (іріктеу) кезеңіндегі Ә.Кекілбаев шығармаларын зерделеу жобасы номинациясы бойынша 8 «А» сынып оқушысы Сеильбекова Наргиз I дәрежелі және Ә.Кекілбаев шығармаларын мәнерлеп оқу номинациясы бойынша 8 «А» сынып оқушысы Шәріп Айша III дәрежелі дипломға ие болды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сағындыкова З.Ж.

Республикалық Әбіш оқулары байқауының облыстық кезеңіндегі Ә.Кекілбаев шығармаларын зерделеу жобасы номинациясы бойынша 8 «А» сынып оқушысы Сеильбекова Наргиз жүлдегер атанып, дипломмен марапатталды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сағындыкова З.Ж.

Қазақтың ұлы ақыны Абай шығармашылығына арналған дәстүрлі «Абай оқулары» қалалық байқауында 4-сынып оқушылары Сабыржанова Аққу (жетекшісі: Капарова Айнагүл Нұртаевна) және Малгаждаров Улан (Жетекшілері: Увалиева Магиша Кабыкеновна және Тасмукамбетов Серик Жамбылович) III дәрежелі дипломдармен марапатталды.

2-4 сынып оқушыларына арналған «Бастау» математикалық турнирінің қалалық кезеңінде 4 сынып оқушысы Аман аружан II дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Мукушева Райхан Наурызбаевна.

I сынып оқушыларына арналған «Зерек» қалалық білгірлер байқауында математика және ана тілі пәндері бойынша Қайырбек Айзере I орын (жетекшісі Турсунова Асем Қайырбековна) және Әділбек Әлихан III орынға ие болды. Жетекшісі Исмуканова Райхангуль Багдатовна.

«Киелі нысандарға туристік маршруттарды, экологиялық соқпақтарды әзірлеу» облыстық байқауының қалалық кезеңінде 8 сынып оқушысы Мұрат Мөлдір I орынға ие болды. Жетекшісі: Дүйсенбай Еркегүл.

9-11 сынып оқушылары арасында Қазақ тілі мен әдебиетінен Қ.Бітібаева атындағы республикалық олимпиадасының қалалық (іріктеу) кезеңінде жүлделі орын иеленгені үшін 10 сынып оқушысы Ерешова Жанель және II сынып оқушысы Темиржанова Айсауле III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Жетекшілері: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері: Камашева Б.Ш., Нурмуканова Ж.Ж.

7 сынып оқушыларына арналған қалалық "Математикалық регата" турниріне мектебіміздің 7 "А" сынып оқушыларынан құралған "Пифагордың ізбасарлары" атты командасы қатысып, өздерінің біліктілігімен II дәрежелі Дипломды жеңіп алды. Жетекшісі: Болатова Ы.Х.

8-11 сынып оқушылары арасында «Мәшһүр-Жүсіп оқулары» атты байқауының қалалық кезеңінде жоғары нәтиже көрсеткені үшін жабагина Акерке мадақтамамен марапатталды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Камашева Б.Ш.

Рахман Алшанұлы Алшановтың «Жиырма мыңжылдықтың құпиясы: ізденістер мен ашылымдар» атты кітабы бойынша Көкшетау қаласының 9-11 сынып оқушылары арасында өткен эссе байқауында 10-11 сынып оқушылары Сағатай Айғаным, Жамбет Аружан, Сапарғали Ұлпан, Мараш Гүлшат алғыс хатпен марапатталды. Жетекшілері: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері: Нурмуканова Ж.Ж., Бришева М.А.

Жас тарихшылар мен өлкетанушылар форымында өлкетану туризмі номинациясы бойынша 8 сынып оқушысы Мәлік Нұрай I дәрежелі дипломға ие болды. Жетекшісі : биология пәні мұғалімі Омиртай Нургуль.

Табиғат-тіршілік көзі" облыстық экологиялық олимпиадасы Бурабай ауданы Щучинск қаласы, жоғары орман шаруашылығы, экология және туризм колледжі базасында өтті. "Zhasyl El" номинациясы бойынша Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейінің 8 сынып оқушысы Мәлік Нұрай I жүлделі орынға ие болып, республикалық кезеңге жолдама алды. Жетекшісі : биология пәні мұғалімі Омиртай Нургуль.

«Бұл жер - сенікі және менікі» облыстық табиғат білгірлерінің турнирі Бурабай ауданы Қатаркөл ауылшаруашылық колледжінде өткізілді. Сәкен Жүнісов атындағы #18 мектеп-лицейінің командасы "Экологиялық туризм" пікірталас

номинациясында 1 орынға ие болды. Жетекшілері: биология пәні мұғалімі Омиртай Н., география пәні мұғалімі Каримжанов М.А.

“Дарын” республикалық ғылыми-практикалық орталығының жалпы білім беретін мектептерге арналған “АҚБОТА” зияткерлік олимпиадасына 8 ә сынып оқушысы Мұрат Мөлдір қатысып І дәрежелі диплом мен сертификатқа ие болды. Жетекшісі: география пәнінің мұғалімі Дүйсенбай Еркегүл

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің "Binocle - 2023" Жазғы мектеп бағдарламасы аясында өткізілген «Химиялық квест» сайысында мектебіміздің 8-сынып оқушыларынан құралған «Алғырлар» командасы қатысып ІІ дәрежелі дипломмен марапатталып, кубок табысталды. Команда мүшелері: Құдайберген Махаббат, Жанибекова Акбота, Сеильбекова Наргиз, Кулькаев Ермаған, Уалиханов Диас. Жетекшілері: Химия пәні мұғалімдері Бегалина Б.А., Матаева А.С.

BILIM.PRO олимпиадасының нәтижесінде 5 сынып оқушысы Сері Нұрайым және 7 сынып оқушысы Брімжанов Темірлан ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. 5 сынып оқушысы Серібай Нұрай, 8 сынып оқушысы Шәріп Айша және 9 сынып оқушысы Жағұппар Даниял сертификаттармен марапатталды.

IX. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын зерделеу.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» 1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етілген. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. 5-9 сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

X. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру.

2022-2023 оқу жылында жолда жүру ережелеріне байланысты тәрбие жылдық жоспарына сәйкес «Жаяу жүргінші», «Абайла, балақай», «Оқушылардың көшеде және жолда жүру тәртібінің негізгі ережелері», «Жол қозғалысын басқарудағы жол белгілерімен және сигналдарымен танысу», «Көше және жол» белгілері. Бағдаршамдар. Қозғалыс бағыттаушы» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. «Абайла, балақай» республикалық онкүндік аясында тақырыптық суреттер сайысы, байқаулар, жадынамалар тарату шаралары өткізілді. Сонымен қатар бастауыш сыныптарға жол департаментінің қызметкерлері тарапынан практикалық сабақ, дәрістер жоспарға сай өткізілді. Ата-аналар, сыныпшылық жиналыстарда сынып жетекшілер тарапынан мәлімет беру, сақтандыру, жол қауіпсіздіктері туралы ескертулер жасалынып, хаттамалар толтырылады. Мектебіміздің жас сақшылар құрама командасы қалалық ЖЖИ сайысына белсенді қатысып, сертификатпен марапатталды.

XI. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын

